

## **Ырғыз ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы**

Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 16 наурыздағы № 73 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 17 наурызда № 8137 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Ырғыз ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Ырғыз ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.

2. "Ырғыз ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Ырғыз ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ырғыз ауданының әкімі*

*А. Ауелбаев*

Ырғыз ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 16  
наурыздағы № 73 қаулысына қосымша

## **Ырғыз ауданы әкімдігінің күші жойылды деп танылған кейбір қаулыларының тізімі**

1. Ырғыз ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 13 қарашадағы № 149 "Ырғыз ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын және ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 5703 тіркелген, 2017 жылғы 6 желтоқсанда аудандық "Ырғыз" газетінде жарияланған) қаулысы;

2. Ырғыз ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 18 сәуірдегі № 66 "Ырғыз ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 13 қарашадағы № 149 "Ырғыз ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын және ата-ана

төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6114 тіркелген, 2019 жылғы 7 мамырда аудандық "Халық ақпарат" газетінде жарияланған) қаулысы;

3. Ырғыз ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 5 наурыздағы № 38 "Ырғыз ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 13 қарашадағы № 149 "Ырғыз ауданы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын және ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы" ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6853 тіркелген 2020 жылғы 16 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысы.